


Огюст Конт Позитивизмі

Огюст Конт Позитивизмі



Позитивизмнің негізін салушы француз философы О.Конт. Конт есімімен позитивизмнің бірінші этапының дамуы тығыз байланысты. Конттың ең көлемді еңбектерінің бірі – «Позитивтік философия курсы». Позитивизм философиясының басты мәні мынада болған – метафизика эрасы бітіп, позитивті білім, яғни позитивизм эрасы басталды.





Позитивизм
(латын тілінен аударғанда
“*Positivus*” – позитив -
ті, оң деген мағынаны
бідіреді) – 19 ғасырдың
30 – шы жылдары
қалыптасқан және біздің за-
манымызға дейін жалғасын
тауып келе жатқан
философиялық бағыт.
“Позитивизм” терминін
ғылымға француз
философы О.Конт еңгізген.

Позитивизм

Шетел философиясының нақты ғылымдарды нағыз шынайы білімнің бірден бір көзі деп жариялайтын және философиялық зерттеулердің танымдық маңызын теріске шығаратын бағыты.

Позитивизмнің тууы спекулятивтік философияның ғылым дамуы алға қойған философиялық мәселелерді шешуге қабілетсіздігіне өзінше бір жауап болды.



Басқа да ұшқарлыққа ұрынған позитивизм,
білім алудың құралы ретіндегі теориялық
спекуляциялық жорамалды
мүлдем теріске шығарады. Бұрынғы
философиялық
мәселелерін, ұғымдары мен қағидаларын,
олардың абстрактілігі
жоғары болуының салдарынан тәжірибе
арқылы шешіле де,
тексеріле де алмайтындығы себепті,
позитивизм жалған және
жоқ болған деп жариялады. Мәні жөнінен
позитивизм белгілі
бір жағдайға ұшқары логикалық
тұжырымдарға дейін жеткізілген



Позитивизмнің дамуындағы этаптар



Позитивизм өзінің дамуында негізгі үш кезеңді басынан

өткерді:

Бірінші позитивизм. Негізін салушы – Огюст Конт

(Auguste Comte). Өкілдері: Джон Стюарт Милль (Mill,

John Stuart) (1806–1873), Герберт Спенсер

(Herbert Spenser). (1820-1903жыл).

Эмпириокритицизм - өкілдері: Эрнст Мах (1838-1916)

(Ernst Mach), Рихард Авенариус (1843-

1896) (Richard Avenarius)



Ғылыми заңға жүгінетін болсақ Конт та өзінің білімін заңға

негіздеме болып, “Сатылардың үш заңын” ұсынды.

- **Бірінші заңы – теологиялық;**
- **Екінші заңы - метафизикалық;**
- **Үшінші заңы – позитивті;**

Позитивизм ғылымы үшін естествознание үлгі болып табылады.

Естествознанияның әдіс – тәсілдерін позитивизм гуманитарлы

және қоғамдық ғылымдарға ауыстырады. Бұл ерекшелік позитивистік әдістің спецификалық шектеулігін қалыптастырады. Қоғамның прогрессы Конттың әлеуметтік динамикасында басты мәселелердің бірі болып табылады. Бұл жердегі даму да сатылардың үш заңына сәйкес жүреді.

Теологиялық стадия – 1300 жылға дейін 3-ке бөлінеді:

- фетишизм,
- политеизм,
- монотеизм.

Метафизикалық стадия – 1300 жылдан 1800 жылға дейін өтпелі болып келеді.

19 ғасырдың басында жаңа жан-жақты позитивті стадия дүниеге келеді. Бұл кезеңде **альтуризм** идеясы кеңінен таралады.

